

«Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ-нің 2023-2024 оқу жылында
29.04. – 04.05. аралығында жоспар бойынша «Жас ұстаз – жарқын болашақ иесі» атты
«Жас мамандар» апталығының есебі

«Жас ұстаз – жарқын болашақ иесі» атты жас мамандар апталығы **29.04.2024 – 04.05.2024** аралығында жоспар бойынша өткізілді.

29-сәуір күні жас мамандар апталығының ашылуы өткізілді. Апталықтың ашылуына байланысты мектебіміздің 1 қабаты фойе безендірілді. Таңертең сабақтар басталмай тұрып, жас мамандар оқушыларды «**Бір тәтті- бір тілек**» айдарымен әріптестерін қарсы алып, қызықты ойындар, танымдық викториналар ұйымдастырды. Оқушылар белсенділік танытып, сұрақтарға жарысып жауап беріп, тәтті жүлделерді жеңіп алды. Сонымен қоса, үлкен үзілісте шағын концерттік бағдарлама корсетіп, апталықтың жоспарымен таныстырылды. Және де оқушыларды белсенді болуға шақырды. <https://www.instagram.com/p/C6d54jYMSn/?igsh=MXVsOTM1MXF2ZzJyYw==>

Апталық шеңберінде жоспарға сай, ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды:

- «Be going to – will . A tourist information poster» 5 сынып Оспанова Г.К
- «Ғылым таппай мақтанба» 6 «а» сынып Қадырберді Мөлдір
- «Passive voice» 10 сынып Далелхан Ербол
- М.Мақатаев «Үш бақытым» 3 «а» сынып Олжабек Пернегүл
- «Having fun» Ғомар Малика 3 «А» сынып

Өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар замануи технологиялар, жаңа әдіс тәсілдер, әртүрлі білім платформалар тиімді қолдану арқылы тартымды заман талабына сай өткізілді.

02.05.24 жылы 5 сыныбында жас маман ағылшын тілі мұғалімі Оспанова Гульвира **“be going to/will. A tourist information poster”** тақырыбында шығармашылық ашық сабағын өткізді. Оқушылар ағылшын тілінде түрлі деңгейлі тапсырмалар орындады. Гульвира Кенжебековна топтық жұмыс барысында туристерді саяхатқа дайындап, оқушылар өз жобаларын қорғай алды. Оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдылары іске асты. Сабақты бекіту мақсатында “Where you will travel?” армандар картасы тәсілін қолданып, қандай елге саяхаттауды армандайтындарын айтты. Топ бойынша бағалауда ұпай бойынша әр елге жолдама сертификаты табысталды. https://www.instagram.com/p/C6eVyH2sXzy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2024 жылдың 2 мамыр күні “Жас ұстаз - жарқын болашақ” атты жас мамандар апталығының аясында ағылшын тілі пәнінен 10 а сыныбында **“Passive Voice”** тақырыбында Далелхан Ербол ашық сабақ өтті. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдер, технологиялар, бағалау түрлері қолданылды. https://www.instagram.com/reel/C6ipTxcMIZ_/?utm_source=ig_web_copy_link

Мамырдың 3і күні жас маман Қадырберді Мөлдір 6 “а” сыныбында қазақ тілі пәнінен **“Ғылым таппай мақтанба”** тақырыбында ғылым мен білім жайы ұштастырылған ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында Абай Құнанбаевтың оқушылар ұранына айналған “Ғылым таппай мақтанба” өлеңі талданып, топтық жұмыстарда грамматикалық тақырыптарды бекітті. Сабақ барысында **“Ұнайкард”** әдісімен бонустық ұпайлар жинау арқылы оқушылар сабақтағы түрлі жағдаяттарға купон алды. <https://www.instagram.com/reel/C6gF38SsRIC/?igsh=MWE3OTZjM3NxbDhkbA==>

3-мамыр күні "Жас ұстаз- жарқын болашақ иесі" атты жас мамандар апталығында 3"А"сынып оқушылармен Олжабек Пернегүл әдебиеттік оқу пәнінен М.Мақатаев **"Үш бақытым"** тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты: Шығарманың тақырыбын анықтайды, шығарманы мәнерлеп, түсініп оқиды, өлеңнің әрбір шумағынан негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемдерді анықтайды, ана тілі қадірін түсінеді. Сабақта **"Плейкерс", "Қағып ал,"**

"Отанымды жырлаймын айдары" әдістерін қолданып өткенді қайталап, жаңа тақырыпты ашты. Оқушылар өлеңнің мазмұнын ашып, топтық тапсырмалар орындады. Сабаққа оқушылар белсенді қатысты. https://www.instagram.com/p/C6imWTtM1pR/?utm_source=ig_web_copy_link

03.05.24 жылы 3 «А» сыныбында жас маман ағылшын тілі мұғалімі Гомар Малика «*Having fun: music and film*» тақырыбында шығармашылық ашық сабағын өткізді. Оқушылар жаңа сөздерді біліп, топпен жұмыс атқарды. Малика Жанатовна топтық жұмысқа балаларға етістіктерді қолданып, сабақтың тақырыбына сай тапсырма берді, оқушылар жұмыстарын ортаға шығып қорғады. Сабақ барысында жазылым, айтылым, тыңдалым дағдылары іске асты. Сабақты бекіту мақсатында «*Hot potato*» тәсілі қолданылды. https://www.instagram.com/p/C6ioA57s6-L/?utm_source=ig_web_button_share_sheet&igsh=ZDNlZDc0MzIxNw==

2024 жылдың 4 мамыр күні "Жас ұстаз - жарқын болашақ" атты жас мамандар апталығы аясында қазақ тілі пәнінен 7 "ә" сыныбында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі М.Г. Нурдиллаева "Шолпанға көшкен ауыл" тақырыбында ашық сабақ өтті. Жаңа тақырыпты айқындау және тапсырмаларды орындау үшін "Пазл" әдісімен оқушылар екі топқа бөлінді. Сабақтың мақсатына жету үшін, оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында мұғалім түрлі әдіс-тәсілдер мен заманауи технологияны пайдаланды. Оқушылардың білімін бағалауда "Күнделік" әдісімен өзін-өзі бағалауды ұйымдастырды. *Wordwall* платформасында оқушылар даралаушы және ерекшелеуші тыныс белгілері бар сөйлемдерді топтастырды. Дәптермен жұмыс барысында үтірдің қолдану себебін үлгіге сай түсіндірді. "Берілген үзіндіні жалғастыр" әдісімен қазақтың киіз үйі мен ұлттық тағамдар, сусындарын қатыстырып шағын фантастикалық әңгіме жасады. Сабақтың соңында мұғалім үй тапсырмасын түсіндіріп сабақты қорытындылау үшін "Күн, Жер, Шолпан" ғаламшарлары арқылы кері байланыс алды. Сабақты дайындап, өткізді. https://www.instagram.com/p/C6ioXEzsXvJ/?utm_source=ig_web_copy_link

03.05 күні жас мамандар жетекшісі үзіліс арасында ұстаздармен «*Ойлан да, ойна*» квест ойынын өткізді. Ұстаздар белсене қатысып, үзілісті көңілді өткізді. Мерекелік іс-шаралардың көбеюіне байланысты, дене шынықтыру мұғалімі Елиманов Ербол ағайдың ұйымдастыруымен өткізілу жоспарланған «Спорт-денсаулық кепілі» волейболдан ұстаздар мен 10-11 сынып оқушылары арасында жарыс алдағы демалыс күндеріне жоспарланды. Апталықтың жабылуы 9-11 сынып оқушыларымен мектебіміздің білікті, озат тәжірибелі ұстаздарымен «*Мамандығым-мқтанышым*» атты сырсұқбат өткізілді. Оқушылардың сұранысы бойынша бастауыш сынып мұғалімі Казанбаева А.А, физика пәні мұғалімі Абишева С.Б, информатика пәні мұғалімі Оспанов Д.К. өздерінің сүйікті мамандықтарының қиын да қызықты кезеңдерімен, тәжірибелерімен бөлісті. Жоғарыда аталған іс-шаралар уақытылы өткізіліп отырды. Күнделікті қызықты ойындар арқылы оқушыларды қабылдау жұмыстары жүргізіліп отырды. Жас мамандар кішігірім концерттік бағдарламамен қорытындылады.

Жас маман жетекшісі
Жауапты: ДОІЖО

Оспанов Д.К
Кошекбаева Г.А.